

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

В нашем менталитете уже привычно, что любая проблема как правонарушение, должна ограничиваться наказанием преступника. Но такое решение лишь одностороннее. Жертва вследствие харассмента получает значительные убытки, риски и потери. Во-первых, харассмент оказывает сильное негативное воздействие на психологическое здоровье человека. Если случай произошел в рамках трудовых отношений, то последствием может стать потеря рабочего места. Трудности также могут возникнуть при дальнейшем трудоустройстве, это может быть связано с ослаблением трудовых функций, репутацией и так далее. По этой причине существует необходимость создания специальных комиссий на рабочих местах, в чьи компетенции будет входить помощь и защита жертвы от харассмента. Помощь может оказываться в форме психологических консультаций, финансовой поддержки, оказании юридической консультации для ведения дела в правоохранительных органах. Еще более важным является, предотвращение харассмента, в основе которого, по мнению респондентов, лежит воспитание с раннего возраста как внутри семьи, так и в школах и других учебных заведениях. Детям необходимо объяснять, что их тело, как и тело других людей, имеет неприкосновенность, существует понятие личных границ, прав .

Список использованной литературы

1. Топилина У.А. Проблема харассмента и отношения общества к этому явлению // Вестник науки и образования. - 2019 год. – с. 2
2. Официальный сайт Международного центра журналистики [электронный ресурс: <https://medianet.kz/?lang=ru>].
3. Definition of harassment in English // English Oxford living dictionaries. <https://en.oxforddictionaries.com/definition/harassment/>
4. Официальный портал Аналитического центра Уголовного права и криминологии [электронный ресурс: <https://crimexpert.ru/2021/10/27/>].
5. Louise F. Fitzgerald and Lilia M. Cortina Sexual Harassment in Work organizations: a View From the 21st Century. P 5
6. Данные с официального сайта wonderzine.com [электронный ресурс: <https://www.wonderzine.com/wonderzine/life/life/223925-harassment>].
7. Официальный веб-сайт правительства Соединенных Штатов «U.S. Equal Employment Opportunity Commission» [электронный ресурс: <https://www.eeoc.gov/>].
8. Louise F. Fitzgerald and Lilia M. Cortina Gender Harassment: Broadening Our Understanding of Sex-Based Harassment at Work . - 2011
9. Онлайн-платформа социологических опрос и анкет GOOGLEForms [электронный ресурс: <https://docs.google.com/forms/u/0/>]

ӘОЖ 316.72

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН ФРЕЙМДЕУ (Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы мысалында)

Гүлім Асабаева, Аружан Амангельдиева,
Гүлназ Амангельдинова, Темірлан Кенжеғара
amangeldinovagulnaz9@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтану кафедрасы студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Алмаш Айқынбайқызы

Аннотация

Мақалада 1910-шы жылдардағы қазақ қоғамы, күнделікті өмірдегі процесстер қарастырылады. Сол кезеңде қоғамдағы жағдайды әлеуметтанулық интерпретациялау үшін Ирвинг Гофманның фреймді талдау теориясы қолданылады. Дәстүрлі қазақ әлеуметіндегі

фреймдерді зерттеу М. Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» шығармасы негізінде жүзеге асырылады. Романдағы ауыл тұрғындарының күнделікті өмірін фреймдеу арқылы қазақ қоғамына тән болған қалыпты қалыптарды саралауға талпыныс жасалады.

Негізгі ұғымдар: қазақ қоғамы, күнделікті өмір, фреймдеу, фрейм, интерпретация

Кіріспе. Күн сайын миллиондаған адам бір-бірімен кездеседі, байланысады, білім алмасады. Күн сайын өзара әрекеттесе отырып, бейсаналық түрде болашақта қайтадан сәтті қолданылатын өзіндік тәжірибелерді қалыптастырады. Мұндай тәжірибелер үнемі қайталану нәтижесінде санада бекітіліп, «фрейм» деп аталады. Барлық тұлғааралық өзара әрекеттесу дәл осы фреймдерге негізделген деп болжауға болады [1]. Бірақ ол шынымен де солай ма, әлде адам басқалармен өзі көрсеткен тәжірибесіз сөйлесе алады ма және оған фреймдер қажет емес пе?

Қиялдағы шындықты құрудың және қиял мәндерінің шеңберін құрудың ең күшті стратегияларының бірі – фреймдеу. Фрейм деп – Гофманнан кейін интерпретациялық схемаларды, яғни жағдайлардың қалыпты анықтамаларын жасайтын қабылдау перспективасын түсінеміз. Тіпті, фреймдерді матрица, белгілі бір сығылған және кодталған жүйе деп те түсінуіміз мүмкін: осы матрицаға әлеуметтік қатынастарды қосуды фрейм ретінде белгілейміз, сол матрицаны анықтаймыз, шындықтың қиялдық сипатын анықтаймыз, ақырында оны декодтау және рефреймдеу ретінде түсінеміз [4]. И. Гофман фреймді «жағдайдың» синонимі ретінде де, «жағдай анықтамасының» синонимі ретінде де анықтайды; яғни «мүмкін оқиғалардың матрицасы», «интерпретация схемасы», қабылданған жағдайды түсіндірудің құралы. Әлеуметтік өмір және оны жеке тұлғаны тану схемалары құрылымдық жағынан изоморфты [4]. Фреймдер теориясы – біртекті емес метафизикалық құрылым, күнделікті әлемді зерттеудің аналитикалық практикасы тұжырымдамаларының жиынтығы және қарапайым бақыланатын оқиғалардағы контекстердің құрамын тікелей зерттеуге бағытталған. Қоғамдағы күнделікті іс-әрекеттер олар орындалған жағдайға және оларды жүзеге асыратын адамның жеке ерекшеліктері мен диспозицияларына байланысты қабылданады. Дәл осылай фреймді талдаудың семантикалық тұжырымдамасы тағы бір қосымша жаңа факторды – оларды қарастырудың семантикалық жағын енгізеді. Ол семантикалық шеңбер немесе әлеуметтік идеялардың шеңбері ретінде ұсынылады. Семантикалық шеңберге сәйкес адам өзі үшін тікелей қатысатын жағдайды анықтайды [5].

Ойдан шығарылған стратегия ретінде фреймдеу дегеніміз не? Ең алдымен, мағыналардың белгілі бір саласын белгілеу, заңдастыру (фреймдеу осылайша әлеуметтіліктің барлық деңгейлерінде: қарапайым қабылдаудан идеологиялық жүйелерге дейін әрекет етеді). Ол– көріністердің жан-жақты, қалыптаспаған, анықталмаған спектріне мән беру. Мұның артында көбінесе субъектілердің уақыты мен күш-жігерінің шығындарына қарамастан, үлкен нәтижеге қол жеткізуге бағытталған қызметті ұтымды ету жатыр. Сонымен, фреймдеу «ұжымдық ерік», «қоғамдық пікір», «әлем бейнесі» және т. б. сияқты парадокстық әлеуметтік құбылыстарды орнатуы әбден мүмкін [1].

XX ғасырдың алғашқы он жылдығында қазақ қоғамындағы процесстерді әлеуметтанулық интерпретациялауда күнделікті өмірді фреймдеу әдісін қолданудағы мақсат қандай?!

Гофман «оқиғаларды басқару принциптеріне және оқиғаларға қатысуға негізделген жағдайды анықтауды» фрейм деп атайды [6]. Фрейм жүйелері қабылдаудың қатаң алгоритмдері ретінде белгіленбеген, шындықтың тұрақты фреймдеуі жүреді, яғни, нақты жағдайды фреймге салынған идеалды кескінмен байланыстырған кезде, таңдалған фреймнің шекаралары субъективті қабылдауға, сыртқы жағдайларға, әлеуметтік өзара әрекеттесу жүретін шындықтың өмір сүру стиліне сәйкес деформацияланады [8]. Фреймдер адамдар арасындағы өзара әрекеттесу кезінде ғана қалыптасады. Фреймді қалыптастыру кезінде сана қоғамда болуы керек идеалды түрге сүйенеді деп дау айтуға болады, бірақ ол түрді қоғамда үстемдік ететін мәдениеттің арқасында адамның өзі жасайды. Яғни, ауыл қоғамын алатын болсақ, оның күнделікті өмірде белгілі бір жағдайға көзқарасы фреймге байланысты. Сондықтан қазақ ауыл тұрғындарының күнделікті өмірін фреймдеу арқылы романдағы

кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне, оның оқиғадағы жағдайды енгізген шеңберіне қарай мән бере аламыз және кейіпкерлердің мінез-құлқындағы ерекше әрекеттерге мысал келтіре аламыз.

«Бақытсыз Жамал» — Міржақып Дулатұлының 1910 жылы жарық көрген, қазақ әдебиетінде көркем прозалық үлгіде жазылған тұңғыш роман. Міржақып Дулатұлының осы шығармасы ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылының аса маңызды әлеуметтік мәселелеріне арналды. Қазақ ауылының тұрмысы жайында жазылды. Әйелдің бас еркі, қоғамдағы жағдайы туралы баяндады. «Бақытсыз Жамал» романының оқиғасына арқау болған мәселе де осы, ескі әдет-ғұрыптың тұтқыны болған қазақ қызының тағдыры. Талдау бірлігі ретінде белгілі бір ой қорытылатын әңгіме бөлігі алынды.

Негізгі бөлім. Фрейм талдауларының тақырыбы-осындай жағдайды жасырын түрде қайта анықтау. Екі адам бір нәрсені — үйлену тойын, сайлауды немесе басқа нәрсені көруге келіссе де, олардың біреуінде ол мүлдем басқа ойларды, көзқарасты тудыруы мүмкін, оны іске қосатын қандай да бір қозғаушы механизмге байланысты. «Біреу үшін махаббат-соғыс, біреу үшін соғыс-махаббат». Қандай да бір жеке мағынаны интерпретациялау «фрейм» екені белгілі. Әдеби шығармаларды әлеуметтанулық талдау мен интерпретациялау мақсатымен М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романынан мысал келтіреміз.

Көркіне ақылы сай болып бойжеткен Жамалды Байжан деген бай баласы Жұманға айттырады. Қыз шешесінің қарсылығына қарамастан, Сәрсенбай болашақ құдасының байлығына қызығып, құдалыққа келіседі. Бірақ бай баласы топас, нашар болады. Жамал оны менсінбейді.

Үлкен шешесі Қалампыр — ескі психологияның адамы. Оған адамгершіліктен гөрі байлық, шен мақтанышы қымбатырақ. Яғни, осы екі адамның Жамалдың Жұманға айттыруына екі әртүрлі фрейм бар. Бірі Жамалдың сезімін түсініп, жақтамаса, екіншісі, керісінше, Жамалдың зар мұңын менсінбей, еріксіз үйленуден тек байлық, мақтаныш, басқа ауыл адамдарының арасында белгілі бір өзіндік даңқ сезімдерін көреді.

Осылайша, бір ауылда тұрып жатқан, бір еркектің әйелдерінің өмірдегі болып жатқан процестерге әртүрлі фреймдері бар екеніне көз жеткіземіз. Енді Гофманның анықтамасына тақталсақ: фрейм – бір уақытта жағдайдың синонимі және оның анықтамасы, сондай-ақ осы жағдайдағы ықтимал оқиғалардың матрицасы деп есептеді. Сонымен қатар, И.Гофман фреймде жағдайды түсіндіру құралы сияқты функция болуы мүмкін деп болжады. Осылайша, әлеуметтік-психологиялық тәсілге сәйкес, фрейм – жағдайға өз анықтамасын беру, одан басқа ештеңе емес [6].

Жамалдың оқуына деген көзқарасты қарастыруға тырысайық. Басында бала иелері: - Молда! Балаларға иман, намаз үйрет, бұрынғы молдалардың оқытқан кітабын оқыт, біздің балаларға сол жетеді, басқалардың керегі жоқ, - деген соң, лажсыз олардың тілегенін оқытты [9]. Яғни, олардың ата-аналары діни білімнен басқаны оқуды қажеттілік ретінде көрген жоқ. ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының рухани өмірінің ерекшелігі қоғам өмірінде елеулі рөл атқарған исламның танымалдылығының бұрын-соңды болмаған өсуі болды [7].

«Бұрынғы оқымаған балалардың ішінде ең зейіндісі Жамал болып шықты (Жамал осы майда тоғыз толып, онға қарап еді). Бір ай өткеннен кейін мұғалім Жамалдың зейініне қызығып, Шолпанға айтты: - Жамалды ұсыл жадидке оқыта бастасам, аз уақытта хат жазып кетер еді, бірақ бай ұнатпайды ғой, - деп» [9]. Яғни, молда Жамалдың зейінің көріп оның жаңа білімді игеруде қажеттілігін көрді.

Осы жерде сонымен қоса Сәрсенбайдың жағдайды ұнатпайтынын көреміз. Ал анасы болса: «- Молдеке, біздің отағасының сөзін не қыласыз, ақырын оңашада жасырып хат жаздырып үйрете беріңіз, - деді» [9]. Анасы өзі оқыған адам болғандықтан, Жамалдың хат оқығанына қарсы болған жоқ, керісінше қолдады.

Әркімнің Сәрсенбекке айтуы: «- Енді жарар. Жамалды оқытпай-ақ қой, он екі пәнді түгел білсе де, әйел бала дәріс айтып елге бас болмас. Жамалдың ғұмырындағы оқуы осы бес айлықана болып, хат жазарлықтан әрі аспай тоқтады» [9]. Ауылдағы адамдар осыны жеткілікті деп санаған, ары қарай оқуын қажет көрген. Себебі әйел адам болғандықтан елде

бәрібір маңызды шаруа атқармас деп ойлады. Қазақ қоғамында ерлер мен әйелдер арасындағы патриархалдық мәмілеге негізделген гендерлік тәртіпті сақтайтын гендерлік рөлдер мен мінез-құлық стереотиптері нақты сипатталған. Ер адам асыраушы қызметін атқарады, әйел жауап ретінде мойынсұнушылық пен қамқорлықты көрсетеді. Ресми дүниетаным тұрғысынан әйелдердің негізгі қызметі балалардың тууы мен тәрбиесі деп саналды. Дәстүрлі қазақ қоғамында осындай көзқарас қалыптасқандықтан, Жамалдың оқуы туралы осындай көзқарасты түсінуге болады.

Осылайша, Жамалдың оқуына бірнеше көзқарасты көреміз. Бір жағдайды әр адам басқаша қабылдады, басқаша ойлар болды. Осы жағдайда фрейм айқын көрініп тұр. Фреймдер белгілі бір түрлерден адамдар арасындағы өзара әрекеттесу кезінде ғана қалыптасады және қоғамда ұзақ уақыт сақталмайды. Фреймді қалыптастыру кезінде сана қоғамда болуы керек идеалды түрге сүйенеді деп дау айтуға болады, бірақ осындай түрді қоғамда үстемдік ететін мәдениеттің арқасында адамның өзі жасайды [6]. Қазақ қоғамындағы гендерлік тәртіп әлеуметтік нормалармен реттелді. Әйел өзінің өмірлік стратегияларын әлеуметтік нормаларға сәйкес құрды. Ол бала кезінен белгіленген мінез-құлық нормаларын, оның құқықтары мен міндеттерін, ұжымдағы позициясын және иерархиядағы өз орнын игерді. Қазақ әйел ойын ережелерін сақтайды-оның дауыс беру құқығы жоқ және отбасының әл-ауқаты үшін ер адамның толық жауапкершілігі үшін әрекет ету еркіндігі жоқ. Әйелінің мойынсұнбауы, күйеуінің еркіне қарсы тұру қазақтардың дәстүрлі идеялары бойынша ұят, жарамсыз қылық, көргенсіздік ретінде қарастырылды [3]. Яғни, шығармада айтылған уақытта әйел адамға оқу қажетті болмады, көп адамдар діни білімді оқумен шектелді және Жамалды сол кездегі нормаларға бағындыруға тырысты. Ол дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан тәртіпті, нормаларды, адамдардың сол нормаларға және өзінің тәжірибесіне қарай белгілі бір жағдайды бағалауын көрсетеді.

Жазушы Сәрсенбай санасындағы жаңа өзгерісті сенімді көрсетеді. Өзіне жақтас іздеген мансапқордың тапқаны болыстың құдасы – сөзінен де, ісінен де, жолынан да, қолынан да келетін, артына ерткен тобы бар – Байжан, соның қолдауымен билікке жетуді іш есеп қылады. Сондықтан

Байжанның өзі таза, өзі ақылсыз Жұман баласына Жамалға құда түсуіне қарсы болмайды. Бәйбіше мақұлдайды, туған шеше Шолпан наразы. Бірақ Сәрсенбайдың келіскені – келіскен. Бір жағдай, алайда бірнеше көзқарас және жағдайды әркім әртүрлі қабылдайды. ХХ ғасырдағы қоғамы үшін қыздың сұрауыңсыз құда түсе салу норма ретінде көрініс тапса, яғни кәдімгі дәстүрлі әдет-ғұрып, ал ХХІ ғасырға келетін болсақ, - нормаға сай емес әрекет, ол сол мезгілдегі күрделі әлеуметтік-қоғамдық мәселе, себебі қазіргі таңда әркімнің жеке шекаралары мен құқығы бар. Ғали өлгеннен кейін, Жамалдың басында болған қайғы, әсіресе үйіне қайтып кеп, одан кейін Жұманға қорлықпен барғандағы қайғысы-әйелдің арын аяққа басатын ескі әдет-ғұрыптың бейнесі.

Фреймдік теория интерпретациялық әлеуметтануда пайда болады және ол лингвистикамен ұштасып, когнитивті психологияға тез ауысады, шындық туралы ақпарат қалай ұсынылатындығы арқылы шындықтың нұсқасына қалай қол жеткізетінімізді түсінуге мүмкіндік береді.

«...Жоғарыда айтып өткен Байжанның он жеті жастарға келген Жұман дейтін бір таз әм ақылсыз баласы бар еді. Сол елде екі-үш Жұман есімді жігіттер болғанға, бірін - «сары Жұман», бірін - «тапал Жұман», Байжанның баласын - «таз Жұман» деуші еді. «Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді» деп, Байжан өзі тәуір болған соң, қол жетіп тұрған заманда бір бай жерден Жұманға жақсы қыз айттыруға ойы бар еді... [9]

...Жамал кәмелетке жеткен соң, күйеуінің нашар екенін біліп (қатта бір тойда көрсе де керек), көңіліне күннен күнге уайым, қайғы түсе бастады. Жамалдың бұл қасіреттерін көбейтуге себеп болған Жұманның жамандығынан құрбы арасында күлкі болған істері еді. Мысалы: Жұманды үйі қант-шай, ғайыры нәрселер әкелуге қалаға жібергенде, жолда терілерін алып сатарға сатып, он теңге алтын орнына алданып, бір тиын жаңа бақыр алып келуі еді. Әм елде бозбалалық қылмақшы болып бір қызы бар үйдің босағасында ұйықтап

қалғандықтан, қыздың әкесі таңертең: «Тұр балам, ұйқың қанған шығар», - деп үйіне жіберуі еді. Мұның әммасін Жамал естіген еді. Ата-анасы зарыққанда көрген баласы екенін де ойлап, не себепті жаман күйеуге бергеніне қайран қалып жүрді. Өзі теңдес қыздардың күйеулерін салыстырып қарағанда, Жұманнан нашар жері жоқ еді...» [9]

«Бақытсыз Жамал» романынан байқаған фрейм ол- Әкесі Сәрсенбай мен Жамалдың Жұман жайлы көзқарасы. Фрейм деп қысқаша бір объектті екі адамның екі түрлі қабылдауын айтсақ болады. Яғни, романда Сәрсенбай Жұманды байдың баласы, ақылды, байсалды жігіт ретінде көріп, қабылдаса, ал Жамал оны ақымақ, нашар мінезді, қолынан ештеңе келмейтін адам ретінде қабылдады. Қорыта келгенде, Сәрсенбай мен Жамал «Жұман» деген бір объектті көріп тұр, ал ол туралы көзқарастары екі түрлі болды.

Қортынды. И.Гофман әлемі- күнделікті өмір әлемі, яғни бетпе-бет таныс және тұрақты өзара әрекеттесу әлемі. Өмірдің көп бөлігін дәл осы әлемде өткізетініміз анық. Ирвинг Гофманның айтуы бойынша, фрейм — ең алдымен практика, бірақ сонымен бірге-типтік, қайталанатын әлеуметтік жағдайларда, әлеуметтік контексте адамдар өздерінің және басқалардың әрекеттерін беретін мағыналар. Фрейм-жағдайдың ресми анықтамасын жасайтын қабылдаудың белгілі бір перспективасы. Сонымен, фрейм, Э. Гофманның пікірінше, оқиғаны ұйымдастыру принциптерін, жағдайды формальды анықтауға байланысты оны қабылдау перспективасын білдіреді. Фрейм жеке фрагменттерді, эмпирикалық шындықтың жеке оқиғаларын жағдайды анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпылай келгенде, М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романын зерттей келе, шығарманың тек көркемдік жағынан ғана емес, тіл, форма жағынан да біраз дүниелерге сара жол болғанын байқадық. Оқиғаға арқау болған мәселе-ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры. Шығармадағы әртүрлі көзқарастарды түйіндей отыра, оқиғаларды интерпретациялау арқылы фреймдеу жұмысын жүргіздік. Зерттеу барысында көзге түскен бірнеше оқиғаны фреймдеу жүйесіне келтірдік. Нәтижесінде, белгіленген романдан фреймдік мағынаға ие болған бірнеше мысал қарастырылды. Мысалдарды нақты қарастырып, фреймдік жүйе арқылы зерттеуге тырыстық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Теория фреймов: просто о сложном. <https://thewallmagazine.ru/frame/>
2. О.С. Мантуров. Фреймирование и рефрейминг как стратегии конституирования реальности.
3. В.С. Вахштайн. Памяти Ирвинга Гофмана // Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены. 2007. № 3 (83). с. 147
4. Д.Б. Амантаева, Д.К. Бурханова. Фреймы повседневности в индустрии красоты. с. 154
5. Г.С. Батыгин. Континуум фреймов: социологическая теория Ирвинга Гофмана // И.Гофман. Анализ фреймов: эссе об организации повседневного опыта: пер. с англ. / под ред. Г.С. Батыгина и Л.А.Козловой; вступ. статья Г.С. Батыгина. М.: Институт социологии РАН, 2003. с. 43.
6. Б.Т. Абдуллоев. Историко-культурные и политические аспекты ислама в Казахстане XIX-XX вв.
7. С.И. Некрасов, Н.С. Молчанова. Значение теории фреймов в современной науке // Логика, методология и философия науки. с. 16
8. М. Дулатұлы. Бақытсыз Жамал. Роман.